

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ





РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



100 жаңа
оқулық



ҚР Тұңғыш Президентінің білім орталығы

**Жаңа гуманитарлық білім.
Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық**




Қазақстан Республикасының Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” атты мақаласында бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсінетін білікті гуманитарлық сала мамандары да ауадай қажет екенін айтты. Тарих пен саясаттану, әлеуметтану мен философия, психология, педагогика, экономика, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге заманға лайық білім беруге қажетті жағдай жасауды тапсырды.

Осы міндетті іске асыруға мүмкіндік беретін негізгі тетік ретінде “Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық” жобасы қолға алынды.

- Әлеуметтік - гуманитарлық сала бойынша әлемдік оқу тәжірибесінде озық үлгіге ие болған еңбектерді ҚарМТУ ХҚА және ӘГП кафедрасының профессорлы - оқытушылар құрамы оқыту үрдісінде, оқу - әдістемелік кешен даярлауда белсенді қолданды.






РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Қазіргі әлеуметтану ғылымының ең беделді өкілі, Корнелл университетінің профессоры Джордж Ритцердің “Әлеуметтану теориясы” ғылымының өзекті мәселелерін классикалық және қазіргі көзқарастарды ұштастыра отырып талдайды.

Бұл кітапта авторлар әлеуметтану ғылымының өзекті мәселелерін классикалық және Қазіргі өзқарастармен ұштастырған. Кітаптың бірінші бөлімінде ежелгі дәуірдегі әлеуметтік ой мен сол кезең өкілдерінің көзқарастары, әлеуметтану ғылымының негізін салған ойшылдардың өмірбаяны мен басты идеялары, екінші бөлімінде қазіргі әлеуметтану теориясының негізгі мектептері туралы сөз болады.



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Дэвид Бринкерхоф бастаған америкалық әлеуметтанушылардың «Әлеуметтану негіздері» оқулығы қоғам және оның құрылымы жөнінде кең мәлімет беріп, пәннің негізгі ұғымдары мен зерттеу әдістерін жан-жақты саралайды.

«Әлеуметтану негіздері» оқулығы қоғам және оның құрылымы, қоғамдағы түрлі әрекеттер мен мінез құлықтар туралы, адамның рухани және материалдық мәдениеті мен құндылықтары жөнінде кең мағлұмат береді. Оқу құралы әлеуметтанудың негізгі ұғымдарын, зерттеу әдістері мен теорияларын саралап, әлеуметтанушы мамандардың оқу орнындағы, үкіметтегі, бизнестегі, коммерциялық емес ұйымдардағы және қоғамдағы рөлін көрсетеді

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ




«Семиосфера» - Ю.М. Лотманның семиотика теориясы мен методологиясын, семиосфера құрылымы мен ерекшеліктерін нақты мысалдармен түсіндіретін жетінші еңбегі. Бұл кітап оны Мәскеу—Тарту семиотика мектебі мен универсал семиотика теориясының негізін салушы ретінде әлемге танытты.

Автор оқулықта тілдердің жойылып кетпеуі мен үнемі қолданыста болуы үшін қажет коммуникация алғышарттарына тоқталады. Семиотика кеңістігін түгелдей бүтін бір жүйе немесе ағза ретінде қарастыруды ұсынады. Сонымен қатар семиосфераны сипаттайтын белгілерді, олардың қызметін, семиотикалық процестер мен семиозис құбылысын түсіндіреді. Семиосфераның ішкі құрылымы және заңдылықтарын, өзге де семиотикалық құбылыстарды жатық тілмен жеткізеді.


Кітаптағы монографиялар («Мәдениет және жарылыс», «Ойшыл әлемдер ішінде»), әр жылдары жарық көрген мақалалар бүгінгі таңда қайтадан ғылыми қолданысқа еніп, гуманитарлық білім мамандары үшін бағалы дүниеге айналды. «Семиосфера» студенттер мен педагогтарға, мәдениет тарихшыларына, тіл мен әдебиет мамандарына және мәдениеттің сан қатпарлы құбылыстарына қызығушылық танытатын барлық зерттеушілер қауымына арналған.

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ





Оқулықта структурализм, постструктурализм, лингвистика, нарратология, феноменология, эмпирикалық зерттеулер бағытындағы құнды пікірлер мен тың көзқарастар топтасқан. Сонымен қатар бұл еңбекте телевизиялық сериалдарды талдаудың айрықша зерттеу тәсілдері де сөз болады. Оқулық әдебиеттану мен лингвистика, сондай-ақ оларға іргелес гуманитарлық мамандықтардың студенттеріне, магистранттары мен докторанттарына, философтар мен мәдениеттанушыларға, жалпы оқырман қауымға арналған.

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ




Кітап постструктурализм ағымын жан-жақты саралауға арналған философиялық толғамдарға және оның әдебиетпен, тіл білімімен, психологиямен арақатынасына арналады. Францияда пайда болып, АҚШ және неміс ғалымдарының зерттеулерінде көбірек көрініс тапқан постструктурализмнің қайнар көздері, оның жеке ағым ретінде өрістеуі әдебиеттегі трансгрессиялық, яғни бұзып-жару идеяларымен астарласа зерделенген. Жазу мен сөйлеудің байланысы, таңбаның классикалық теориясын жаңаша пайымдау, бейсаналық пен тіл, автор мен шығарма сияқты күрделі мәселелер кеңінен қозғалады.


РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



«Әдебиет теориясы» антологиясының үшінші томы үлкен екі бөлімнен тұрады. Әр бөлім бірнеше тарауларға бөлінген. Атап айтқанда, еңбек мәселесі, мемлекет пен идеология, тарихшылдық, тарих философиясы, құрылымдар, һабитус, ориентализм, отарлық, жаһандану, мәдени бірегейлік пен диаспора, аударма, эмпиризм, этика тәрізді ауқымды мәселелер теориялық тұрғыда жан-жақты зерделенеді.



Бұл оқулықта ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қазірге дейінгі әдебиет теориясының қалыптасуы, даму бағдары және оған ықпал еткен факторлар туралы жан-жақты түсінік беретін америкалық және еуропалық ғалымдардың эсселері топтастырылған. Олардың еңбектері бүгінгі қоғамдық, гуманитарлық және жаратылыстану пәндерінің арасындағы байланысты сан алуан қырынан қарастырып, аффект теориясы (С.Томкинс, И.Седжуик, Л.Берлант, Б.Массуми, С.Ахмед), нарративті эмпатия теориясы (С.Кин), когнитивті метафора теориясы (Дж.Лейкофф, М.Джонсон), когнитивті поэтика (Р.Цур, М.Тернер, Э.Сполски, Э.Харт), эволюциялық әдебиет теориясы (Дж.Кэрролл, Б.Бойд, Н.Истерлин, Дж.Готтшолл), репрезентативті емес теория (Н.Трифт), әрекетшіл желі теориясы (Б.Латур), киберфеминизм мен «жаңа материализм» теориясы (Д.Харауэй, Дж.Агамбен) жөнінде кеңінен сөз етеді.



Оқулық авторы – Малколм Шо Эссекс сот палатасының барристері, Кембридж университетінің Лаутерпахт атындағы халықаралық құқық орталығының аға ғылыми қызметкері. Оқулық автордың сегізінші басылымы. Бұл басылымда бұрынғы материалдар қайта қаралып, халықаралық құқық саласындағы соңғы материалдармен толықтырылған.


Халықаралық құқық 1.

Бұл кітап – халықаралық құқық тақырыбына арналған аса құнды оқулықтардың бірі. 10 тараудан тұратын бірінші кітапта халықаралық құқық саласындағы ұғымдарға анықтама беріліп, түрлі құқық жүйелерінің нормалары салыстырылады, өзіндік ерекшеліктері мен басты принциптері сөз болады. Халықаралық құқықтың пайда болуы мен дамуындағы философиялық, әлеуметтік көзқарастар, халықаралық сот процестері мен трибуналдардың қызметтері нақты мысалдар арқылы баяндалады.

Халықаралық шарттардың түрлері, шарт талаптары мен міндеттемелері туралы жан-жақты мәлімет қамтылған. Адам құқығын халықаралық деңгейде қорғау, жеке тұлғаның қылмыстық жауапкершілігі, мемлекеттің аумағы және теңіз құқығы тақырыбында мол мағлұмат береді.

Халықаралық құқық 2.


Бұл кітап – халықаралық құқық саласындағы ұғымдарға анықтама беріліп, түрлі құқық жүйелерінің өзіндік ерекшеліктері мен басты принциптері жан-жақты сипатталатын, халықаралық құқық тақырыбына арналған аса құнды оқулықтардың бірі. 12 тараудан тұратын екінші кітапта халықаралық құқықтағы юрисдикция, иммунитет, мемлекеттердің жауапкершілігі, мемлекеттердің мұрагерлігі, дауларды бейбіт шешу жолдары, шарттардың құқықтары мен міндеттері жөнінде мол мағлұмат қамтылған. Автор Халықаралық сот, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Қауіпсіздік Кеңесі мен басқа да халықаралық ұйымдардың құрылымы туралы мәлімет келтіре отырып, олардың қызметін нақты мысалдар арқылы баяндайды.




- «Батыс философиясының жаңа тарихы» оқулығының авторы – Оксфорд университетінің вице-канцлері, Британ академиясының президенті болған Сэр Энтони Джон Патрик Кенни. Төрт бөлімнен тұратын оқулық философия ілімінің ежелгі заманнан бүгінге дейінгі дамуын толық қамтиды.
- 4-томнан тұратын жинақтың бірінші томы Ежелгі Жерорта теңізі маңындағы философияның тууы және өркендеуі, ойлау мен пайымдаудың өрісі жөніндегі тамаша тарихи баян Батыстағы ой мен қоғам дамуының бағыт-бағдарына арналған.. Энтони Кеннидің бұл кітабындағы әңгіме барысы Пифагор мен Фалестен басталып, философияның ортағасырлық кезеңі деп аталатын келесі кезеңіне дейінгі барлық дүниелерді қамтиды. Тау сілеміндей философиялық-тарихи мазмұндық сипаттағы туындыға арқау болған, күні бүгінге дейін өзектілігін еш жоймаған екі алып тұлға – Платон мен Аристотельдің ұстанымдарына негізделген.
- Кітап оқырмандардың кең ауқымына арналған.




- **Энтони Кеннидің 2-ші томы философия тарихының ортағасырлық кезеңіне арналып, ежелгі және схоластикалық философияны, Витгенштейн философиясын және дін философиясы мәселелері баяндалады. Аталған оқулықта Энтони Кэнни батыстық философияның жаңа тарихы бойынша зерттеулер туралы өзінің әңгімесін жалғастырып, ол осы томда 10 ғасырдан астам уақытты қамтитын философиялық кезеңді сипаттай отырып, ойшылдардың дүниетанымдарына кеңірек көңіл бөледі. Негізгі нысаны орта ғасыр философияның гүлдену кезеңі және негізгі философиялық сауалдарды жан-жақты ашу болды. Ортағасырлық философиялық кезеңнің шырқау шыңы етіп, схоластикалық кезеңдегі Акуинолық Томас және Дунс Скоттың философиялық жүйесін ұсынды**



- Бұл – философияның ғылы ретіндегі қалыптасу кезеңінен бастап, күні бүгінге философиялық дүниетанымды қамтитын төрт томдық тарихының үшінші томы. «Қазіргі заманғы философияның бастауы» атты үшінші томда XVI, XVII, XVIII ғасырлардың және Гегельдің өмірден озуымен аяқталатын XIX ғасырдың басты философтары қарастырылды. Ренессанстық дәуірдегі қоғамда қалыптасқан антропоцентризмнің мәнін аша отырып, адамзат баласының ең жоғарғы мәнге ие тіршілік иесі екенін жариялайды. Сондай-ақ, жаңа заман ойшылдары Р.Декарт пен Д.Юмның, Б.Спиноза мен Лейбництің таным мәселесіндегі тәсілдерін ұсына отырып, оны шешудің тиімді жолдарын баяндайды. Гносеологиялық мәселеге келгенде, немістің классик ойшылы И.Канттың пайымдауларына ерекше көңіл бөледі. Жалпы алғанда, оқулық туденттер мен оқытушыларға, қызығушылық танытар оқырман қауымға ортақ тілде жазылған



- **Энтони Кеннидің 4-томнан тұратын жинақтың соңғы бөлімі. XX ғасырдың соңғы жылдарына дейінгі аралықтағы философия қамтиды.**
- **19-20 ғасырларда дүниеге келген философиялық бағыттарды атай отырып, мәніне үнілуге тырысады. Атап айтқанда, С.Кьеркегордың этикалық көзқарастары, Э.Гуссерльдің феноменологиясы, М.Хайдеггердің экзистенциалистік ұстанымы, Ч.Пристың прагиакалық ұстанымдарын жан-жақты талдай отырып, оқырманға түсінікті тілмен жеткізуге тырысады.**
- **«Қазіргі заман философиясы» деп аталатын оқулық, негізінен, бакалавриат курсына арналған. Сонымен қоса философия іліміне қызығушылық танытқан оқырманға да лайықталып жазылған.**



- Париж университетінің профессоры Реми Хесстің «Философияның таңдаулы 25 кітабы» атты жинағы студенттер қауымын көрнекті ойшылдар және олардың еңбектерімен таныстыруға арналған.
- Белгілі француз ғалымы Реми Хесстің бұл еңбегі оқырманды Батыстың аса көрнекті ойшылдары және олардың шығармаларымен қауыштырады. Әрине, қанша ғасырларға созылған философиялық дәстүрді жеткізу оңайға соқпасы мәлім. Дегенмен, автор бұл оқулықта Батыс философиясы дамуының елеулі кезеңдеріне ерекше тоқталып, 25 шығарманы жинақтап ұсынуды көздейді. Аталған шығармалардың мақсаты-әлемдік деңгейдегі ақыл-ой дамуының кезеңдері мен оның баға жетпес мол мұрасымен таныстыру. Сонау ықылым заманнан бүгінге дейінгі философия тарихына жас қауымды бағыттай отырып, ең қажет деген пікірлердің топтамасын қалыптастырады.



- **Философияның дамуына айрықша үлес қосқан ойшылдардың тұлғасы мен олардың шығармашылығына арналған Дерек Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы» әр дәуірдегі ғылыми жаңалықтар мен тарихи оқиғаларды, әдеби және көркем туындыларды философия тұрғысынан талдайды.**
- **Дерек Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы» атты бұл еңбегіне философиялық ойдың даму тарихына айрықша үлес қосқан танымал ойшылдардың дүниетанымдары іріктелген. Автордың мақсаты, Батыс философиясындағы көрнекті өкілдердің негізгі еңбектері мен теорияларын оқырмандарға жіктеп таныстыру. Сондай-ақ, жинақта философтардың өмірлік деректері мен құнды шығармаларының атаулары, әр дәуірдегі философиялық, ғылыми жаңалықтар мен тарихи оқиғалар, әдеби және көркем туындылар да баяндалған.**



- Жоғарыда аты аталған оқулықтар студент - жастардың еркін ойлы, терең танымды, білімді тұлға болып қалыптасуының кепілі болатынына кәміл сенімдіміз!!

